



**AUEZOV**

UNIVERSITY

1943

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі

Министерство образования и науки  
Республики Казахстан

Ministry of Education and Science  
of the Republic of Kazakhstan

**М. Әуезов атындағы ОҚМУ  
ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ**

**НАУЧНЫЕ ТРУДЫ  
ЮКГУ им. М. Ауэзова**

**TRANSACTIONS  
of M. Auezov SKSU**

**№1(49)**

**2019**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.АУЭЗОВА  
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN STATE UNIVERSITY



**М.Әуезов атындағы ОҚМУ  
ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ**

**НАУЧНЫЕ ТРУДЫ  
ЮКГУ имени М.Ауэзова**

**TRANSACTIONS  
of M.Auezov SKSU**

**№1(49)**

**ШЫМКЕНТ 2019**

ISSN 2522-4026

**М.Әуезов атындағы  
ОҚМУ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ**

**НАУЧНЫЕ ТРУДЫ ЮКГУ  
им. М.Ауэзова**

**TRANSACTIONS  
Of M. Aueзов SKSU**

**№1 (49) 2019**

---

**Меншік иесі:** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

**Бас редактор:** Қожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі.  
**Редакциялық алқа мүшелері:** Сатаев М.И. – төрағаның орынбасары, ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор, т.ғ.д., профессор, ҰҒА корреспондент мүшесі; Изабелла Новак – х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Аврамов К.В. – т.ғ.д., профессор, «Харьков политехникалық институты» ұлттық техникалық университеті, Украина; Соловьев А.А. – ф-м.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Емелин А.В. – ф-м.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей; Богуслава Леска - х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Полина Прокопович – PhD, Кардифф университеті, Ұлыбритания; Меор Мохаммед Фаред – ассоциациялық профессор, Путра университеті, Малайзия; Олден А. - академик, Лондон Батыс университетінің есептеуші техника және технология мектебі, Ұлыбритания; Ивахненко А.П.- PhD докторы, директор, Мұнай зерттеу орталығы, Хериот-Ватт университеті, Ұлыбритания; Елизавета Ф. - PhD докторы, профессор, Базель университеті, Австрия; Радюк С.Н. - PhD докторы, ассоциациялық профессор, Оңтүстік әдістемелік университеті, АҚШ; Жонго Ок - PhD докторы, профессор, Сеул ұлттық техникалық университеті, Корея; Марфенин Н.Н. - б.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Бишімбаев У.К. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Жұрынов М.Ж - х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Айменов Ж.Т. – т.ғ.д., профессор; ҚР ҰЖҒА академигі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Байтанаев Б.А - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Калменов Т.Ш. – ф-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Молдабеков Ш.М. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰИА, Қазақстан; Надиров Н.К. – х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Жекеев М.К. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Кулымбетова А.Е. – п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Қалыбекова А.А. - п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Мұсаева Н.Р. - филос.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Мырзахметов М. - ф.ғ.д., профессор, Қазақстан; Назарбекова С.П. – х.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Ташимов Л.Т. – т.ғ.д. профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Таймасов Б.Т. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Ниязбекова Р.К. - э.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Волненко А.А. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ; Тлеулов Э.М. – п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Маймаков Ғ.Қ. – т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Сарсенбі Ә.М. – ф-м.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Тлеуов А.С. – т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Жолдасбекова С.Ә. – п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Карбозова Г.К. – ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Орынтаев Ж.К. – з.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ  
TECHNICAL SCIENCES**

ӘОЖ 664.934.9

**Н.Д. Абсатар, Г.З. Джайшыбеков, Ә.У. Майлыбаева.**

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан  
т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,  
Қазақстан  
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент,  
Қазақстан

**ҚОЯН ЕТІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН КОНСЕРВИ**

**Түйін**

Берілген мақалада көкөністер мен дәмдеуіштер қосылған қоян етінен дайындалған консерві өндірісі жобалық технологиясы келтірілген. Сонымен қатар қоян етінен дайындалған консерві сапасының сенсорлық бағалауының нәтижесі ұсынылған. Қоян еті бағалы диетикалық тағам. Қоректілігі, балғындығы мен сіңімділігі жағынан барлық ет түрлерінен алдығы орынды алады. Құрамында толыққанды ақуыздардың барлығының болғандығына қарамастан қоян еті салыстырмалы түрде төмен калориялы болып келеді. Қоян етінің энергетикалық құндылығы 168 ккал, сиыр еті 247-335, қой еті- 319 ал шошқа еті 389 ккал құрайды. Қоян етінің бұлшықет ұлпасында майдың аз мөлшерде (15 % шамасында) болуы адам тамақтануында маңызды биологиялық рөлге ие. Басқа ет түрлерімен салыстырғанда оның құрамында натрий мен холестерин мөлшері аз. Қоян майы қанықпаған және полиқанықпаған май қышқылдарына бай. Қоян етінің биологиялық толыққанды болуы оның құрамындағы пайдалы заттардың адам ағзасына басқа жануарлар етімен салыстырғанда, жоғары сіңімді болуымен сипатталады.

**Кілттік сөздер:** ет өнімдері, қоян еті, консерві, ақуыздар, нутриенттер, минералды заттар.

**Кіріспе**

Қазіргі кездегі экономикалық жағдайды ескере отырып, ет технологиясы мен дұрыс тамақтану салаларын жаңаша қарастырғанда, құны төмен қол жетімді шикізат көзін рационалды пайдалана отырып, жоғары сапалы ет өнімдерінің технологиясын жасау аса қажет болып келеді.

Үйлестірілген және нутриентті бейімделген тамақтану адамның қалыпты өмір сүруі мен жұмыс қабілеттілігін қалыптастыратын аса қажетті фактор болып табылады және созылмалы ауруларды болдырмаудың, сонымен қатар қолайсыз экологиялық және әлеуметтік жағдайлар кезінде кешенді терапияның құрамдас бөлігі болып саналады. Халықтың қалыпты өмір сүруі мен жұмыс қабілеттілігін қалыптастыратын тамақтану факторларының арасында аса маңыздысы болып энергетикалық және негізгі тағамдық заттардың қажетті мөлшерінің ағзаға түсуі, аминқышылдары, май қышқылдары, минералды заттар мен дәрумендердің қатаң тәртіппен белгілі бір қатынаста болуы табылады [1].

Қоянның еті жоғары дәм мен қоректік қасиеттерге ие, ол адам ағзасына оңай сіңіріледі. Қоян азотының құрамындағы азотты заттардың мазмұны тауық етіне жақын, ал май мен калорияның мөлшері асып түседі, сондықтан қоян еті терапевтік тамақтану үшін жақсы, сондай-ақ дене белсенділігі жоғары адамдар үшін қоян еті протеині 95% сіңеді. Қоян еті

дәмді шикізатқа жатады, сондықтан көптеген ұлттық тағамдар ет өнімдерін жасау үшін қоян етін кеңінен пайдаланады.

### Зерттеу жүргізу әдістемелері. Зерттеу нысандары мен әдістері

Жаңа консерві өнімі, түрлі жастағы тұтынушыларға арналған өнім ретінде, қоянның сан етіне дәмдеуіштер қосып жасалатын өнім. Зерттеу жұмыстары ЖШС «Исследовательский центр Eco-product» зертханасында жасалынды. Сараптамалық зерттеулер – дайын өнімге физика-химиялық зерттеуді жалпы қабылданған стандартты әдіс бойынша үш-бес қайтара орындау арқылы жүргізілді. Қоян етінен жасалған консерві өнімінің жобалы технологиясы жасалды және органолептикалық корсеткіштері бақылау өнімімен салыстырмалы түрде зерттелді.

### Нәтижелер және оларды талқылау

Төменде өндірістің технологиялық сызбалары берілген (1-кесте): шошқа етінен жасалған «Тамбов» консервісі (МЕСТ бойынша дәстүрлі әдіс) және қоян етінен (жамбас бөлігі) консерві өндіруге арналған жобаланған технология.

1-кесте – МЕСТ бойынша дәстүрлі әдіс және қоян етінен (жамбас бөлігі) консерві өндіруге арналған жобаланған технология

Шошқа еті	Қоян еті
Шикізатты тазалау, жуу	
Шошқа етінің артқы жағы сүйекпен немесе сүйексіз	Қоян етінен жамбас бөлігі сүйекпен немесе сүйегі жоқ
Сүйектен етті сылып алу Етті бөлшектерге ұсақтау	
Алдын ала шприцтеу Тұздық $t = 0-5^{\circ}\text{C}$ , тұздықтың тығыздығы $1,1 \text{ г/см}^3$ , $\text{NO}^3$ концентрациясы $0,075\%$ және $1\%$ глюкоза. Шприцтеудің көлемі $10\%$ тұздалмаған шикізат салмағы бойынша	
Тұздау	
5-7 күн шикізаттың салмағынан $3\%$ тұз бен аралас тұздау. Пресстеу 1 тәулік.	1 күн ішінде шикізаттың салмағынан $3\%$ тұз бен ылғалды тұздау, тұздықтың тығыздығы $1,087 \text{ г / см}^3$ ,
Порциялау, Бұрмалау, Стерилизациялау, Салқындату, Сорттау, Орау	

Қоян етін ылғалды тұзданумен дайын өнімнің шығымы -  $84-86\%$ , ал шошқа етін аралас тұзданумен дайын өнімнің шығымы -  $80-82\%$ .

Консервіленген ет өндірісінде шикі етті өндеудің әртүрлі кезеңдерінде етке тұз салынады. Натрий нитриттерін тұздандыру процесінде етке қосуы табиғи қызғылт-қызыл түстің сақталуына және гемоглобин мен миоглобин белоктарымен өзара әрекеттесуіне байланысты. Сонымен қатар, тұз болған жағдайда, нитриттер микроорганизмдердің дамуына кедергі жасайды және олардың ферментативті белсенділігін тежейді. Тұзда ұзақ уақытқа тұздану (6 сағаттан бірнеше күнге дейін) нәтижесінде өнім жағымды дәм, иіс, түс, жақсы шырындылық, текстурасы және су өткізетін қабілеті бар.

Құрғақ тұздану - тұздау қоспасы қосу (тұз, қант, натрий нитриттері және басқа компоненттер), содан кейін белгілі бір уақыт ішінде тұзды себу және сақтау. Құрғақ тұздалған ет сусыздандыру жағдайында және дайын өнімде тұздың жоғары мөлшері бар болады.

Ылғалды тұздау ол етті тікелей тұздықта сақтауға негізделген. Өнім құрғақ тұздаудан гөрі тезірек және біркелкі тұздалған. Ылғал тұздауды жылдамдату үшін ерітінді бөлігін еттің қалыңдығына шприцтеу арқылы енгізіледі. Шприцтеуден кейін ет ыдыстарға салынып, кейіннен тұзды ерітінді құйылады.

Аралас тұздау - құрғақ және дымқыл тұздандудың комбинациясы. Дайындалған етті тұзбен шприцтейді, тұз сеуіп, бірнеше күн бойы сақталады, содан кейін тұзды қоспа құйылады [2].

Порциялау, бұрмалау және банка қаптау қолмен немесе шикізаттың ерекшеліктеріне (тұтас бөліктер, шұжық еті, паштет массасы және т.б.) негізделген әртүрлі конструкцияларды механикаландырылған жабдықтарда өтеді. Толтырылған банка өлшеу үшін жіберіледі толтырылмаған немесе толықпектен банкаларды болдырмау үшін, инспекциялық автоматтарды қолдана отырып.


Содан кейін бірінші сорттауды өткізеді. Ағынды, жарылған, терең майысқан, бомбажды, аз өлшемді банкілерді жояды. Бірінші сорттаудан кейін бактериологиялық зерттеуге, әр партиядан 3 банкіні алады. Салқындатудан кейін жарамды консервілерді арнайы термостатты бөлмеге (37-38<sup>0</sup>С) және 5 тәулікке қояды. Осы тексеріс мезофильды және термофильды микрофлораның бар болуын анықтайды. Бұл операция -стерилизацияның бақылауы.

Термостаттаудан кейін екінші сорттау болады. Онда бірінші сорттау кезінде сияқты банкілерді брактайды.

Қайнату кезінде өнімнің температурасы, қайнау уақыты, процесстің ұзақтығы және өнімнің сапасы қатаң бағаланып қадағаланады. Стерилизация - микроағзалар мен олардың спораларын өлтіру үшін 75-130 минутта 113-120<sup>0</sup>С температурасында автоклавтарда жылыту консервілері арқылы жүзеге асырылатын консервілерді өндірудің технологиялық процесінің негізгі операцияларының бірі. Стерилизация кезінде белоктар коагуляция жасайды, коллаген глутаминге, органолептикалық қасиеттерге және консервілердің өзгеруіне әкеледі. Залалсыздандыруды автоклав қондырғысында жүргіземіз. Температурасы 115<sup>0</sup>С, ал уақыттары 15-30-15, 120 кПа қысымда залалсыздандырады.

Салқындату 40 °С температураға дейін сумен жүзеге асырылады. Термиялық тазартудан кейін қалған термофилді бактериялардың дамуын болдырмау үшін салқындату үрдісін тез арада жүргізу керек [3].

МЕСТ бойынша дәстүрлі әдіс және қоян етінен (жамбас бөлігі) консерві өндіруге арналған жобаланған технологиямен өнімдерді бес балдық дескриптор бойынша сенсорлық бағалау жүргізілді. Зерттеу нәтижесі келесі 1-суретте келтірілген.



1-сурет – Өнімді сенсорлық бағалауға органолептикалық зерттеу

1-суретте көрсетілгендей, ұсынған модельде 3% тұз бен ылғалды тұздау арқасында сенсорлық баға контроль үлгімен салыстырғанда жоғары. Өнім құрғақ тұздаудан гөрі тезірек және біркелкі тұздалған. Ылғал тұздауды жылдамдату үшін ерітінді бөлігін еттің

калыңдығына шприцтеу арқылы енгізіледі. Шприцтеуден кейін ет ыдыстарға салынып, кейіннен тұзды ерітінді құйылады.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, диеталық ет өнімі- қоян етін пайдалану сапа көрсеткіштері жоғары консерві өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге септігін тигізеді деп қорытындылауға болады. Шикізаттың (қоян ұшасының) құнының біршама жоғары болуына карамастан, одан өндірілген консерві өнімдерінің өзіндік құны оларды жас және әлеуметтік категориясы әр түрлі тұрғындарға тұтынуға кеңес беруге мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Гурова Т.Н., Чиркова О.Я. Мясные продукты с растительными ингредиентами для функционального питания. // Мясная индустрия, 2007, № 1, С. 43-46.
2. Общая технология мяса и мясопродуктов / И.А. Рогов, А.Г. Забашта, Г.П. Казюлин. М.: Колос, 2000, 367 с.
3. Рогачев В.И. Справочник по производству консервов. Т.3. Мясные консервы? Рыбные консервы? Молочные консервы. М.: Пищевая промышленность, 2002, 655 с.

### **Аннотация**

В данной статье приведена проектная технология производства консервы из мяса кролика с овощами и специями. Также представлены результаты сенсорной оценки качества консервы из мяса кролика. Мясо кролика ценнейший диетический продукт питания. Из всех видов мяса оно по белковой питательности, сочности, нежности и усвояемости занимает одно из первых мест. При высоком содержании полноценного белка мясо кролика в то же время обладает сравнительно низкой калорийностью. Энергетическая ценность 100 г его составляет 168 ккал, тогда как говядины 274-335, баранины - 319, а свинины - 389 ккал. Умеренное количество жира в мышечных волокнах мяса кроликов (около 15 %) играет важную биологическую роль в питании человека. По сравнению с мясом других видов животных в крольчатине меньше содержится натрия и холестерина. Кроличий жир очень богат ненасыщенными и полиненасыщенными жирными кислотами. Биологическая полноценность мяса кроликов обуславливает более высокую усвояемость организмом человека его питательных веществ по сравнению с мясом других видов животных.

### **Abstract**

The design production technology of canned food from meat of a rabbit with vegetables and spices is provided in this article. Results of touch assessment of quality of canned food from meat of a rabbit are also presented. Meat of a rabbit the most valuable dietary food product. From all types of meat it on proteinaceous, nutritiousness, juiciness, tenderness and comprehensibility is high on the list. At the high content of full-fledged protein meat of a rabbit at the same time has rather low caloric content. The power value of 100 g is it 168 kcal whereas beef 274-335, mutton - 319, and pork - 389 kcal. The moderate amount of fat in muscle fibers of meat of rabbits (about 15%) plays an important biological role in food of the person. In comparison with meat of other animal species rabbit flesh contains sodium and cholesterol less. Rabbit fat is very rich with nonsaturated and polynonsaturated fatty acids. The biological full value of meat of rabbits causes higher comprehensibility a human body of its nutrients in comparison with meat of other animal species.



УДК 541.18

**А. Алтынбек, А. Байбулеков**

магистрант, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент,  
Казахстан

к.т.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент,  
Казахстан

## **ВЛИЯНИЕ МИКРОНАПОЛНИТЕЛЕЙ НА СТРУКТУРООБРАЗОВАНИЕ И ФИЗИКО-МЕХАНИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА МЕЛКОЗЕРНИСТОГО БЕТОНА**

### **Аннотация**

В данной работе приведены основы эффективного управления структурообразованием высококонцентрированных систем мелкозернистых бетонов посредством оптимального сочетания межфазной поверхности мелкозернистых, минеральной части и ее концентрации. Высокомолекулярные соединения при воздействии внешних атмосферных воздействия спустя время могут изменить свою структурную систему из-за адгезионной связи двух фаз и вызвать нежелательные последствия. Для интенсификации процессов взаимодействия кварц содержащих материалов с вяжущими необходимо активизировать поверхности их частиц. Увеличение прочностных свойств бетонов связано со структурным построением заполнителя в системе цементное зерно–заполнитель–вода, на создание структурной плотности и прочности цементного бетона влияют технологические этапы. Структура мелкозернистого бетона имеет высокую среднюю плотность, приближающуюся к плотности тяжелого цементного бетона, за счет высокого наполнения системы дисперсными частицами. Мелкозернистые композиционные строительные материалы с точки зрения физикохимии, являются высококонцентрированными системами, подчиняющимися структурообразованию.

**Ключевые слова:** структурообразование, интенсификации процессов, активизация, плотность, прочность, наполнение, дисперсность.

Получение материалов с заданными свойствами является основной задачей материаловедения, решаемой техническими процессами в комплексе с физико-химическими и физико-механическими воздействиями при использовании в технологии получения строительного материала дисперсных структур.

Благодаря научным исследованиям П.А. Ребиндера развита область науки дисперсных структур [1] и изучены условия их возникновения на уровне молекулярно-ионных поверхностных явлений в процессах образования и разрушения структур при воздействии на их энергетических факторов внешней среды.

В управлении структурообразованием композиционных материалов (КМ) необходимо соблюдать принципы когерентности, оптимальной дисперсности, гомогенности и предельной уплотняемости.

Основной задачей эффективного управления структурообразованием высококонцентрированных систем указанных бетонов является оптимальное сочетание межфазной поверхности мелкодисперсной минеральной части и ее концентрации в жидкой среде вяжущего.

Высокомолекулярные соединения с течением времени при воздействии внешних атмосферных взаимодействий могут изменить свою структурную систему и в адгезионной связи двух фаз вызвать нежелательной эффект [2].

Для усиления адгезионной связи между минеральными компонентами и вяжущими используют поверхностно-активные вещества.

Кремнезем широко распространен в природе в виде осадочных и метаморфических пород, и в некоторых промотходах содержание  $\text{SiO}_2$  достигает до 90-100%. Используя кремнезем в технологии композиционных строительных материалов (КСМ), необходимо



знать его особенности. Плотность кремнезема составляет  $2655 \text{ кг/м}^3$  твердость-7 по шкале Мооса, прочность при сжатии достигает 200 МПа. В нормальных условиях минерал химически инертен, стоек к атмосферным факторам, кислотам (кроме фосфорной-  $\text{H}_3\text{PO}_4$ , плавиковой-  $\text{HF}$ ), но растворяется при нагревании в едких щелочах-  $\text{NaOH}$ ,  $\text{KOH}$  и углекислых солях-  $\text{Na}_2\text{CO}_3$ ,  $\text{K}_2\text{CO}_3$ .

Кремнезем обладает пьезо-и пьезоэлектрическими (появление электрических зарядов разного знака на противоположных гранях в кристаллах кварца при механических деформациях: сжатии, растяжении) свойствами. Эти свойства можно использовать для усиления контактного взаимодействия с вяжущими при уплотнении композиционной строительной смеси в технологическом процессе.

Для энергетического появления на поверхности кварцевых зерен мелкозернистого песка рассматривают условия для создания энергообъема, которые определяются атомно-молекулярными особенностями структуры кремнезема.

Для интенсификации процессов взаимодействия кремнеземосодержащих материалов с вяжущими необходимо активизировать поверхности их частиц. Это достигается разрушением поверхностного слоя с образованием активной поверхности. При этом важное значение имеет характер образующихся межмолекулярной связей – ковалентных или ионных. Зная их, можно с большой определенностью предсказывать прочность адгезионных связей в контактных образованиях двух взаимодействующих материалов. Но, так как в природных веществах отсутствуют чисто ионные или чисто ковалентные связи, то можно на той или иной схеме химической связи  $\text{Si-O}_2$  строить лишь приближенные прогнозы [3]. Однако известно, что если активация способствовала насыщению отрицательного заряда, то для объединения цементного вяжущего с  $\text{SiO}_2$  достаточно внешнее давление, а при скоплении на поверхности вяжущего активных отрицательных центров, контактное взаимодействие с  $\text{SiO}_2$  должно осуществляться через вещество (ПАВ), которое одновременно хорошо взаимодействует с отрицательно заряженной поверхностью частиц кремнезема.

Результаты изучения зависимости физико-механических характеристик мелкозернистого бетона от содержания микронаполнителя из шлака, представлены в таблице 1.

Таблица 1- Зависимость физико-механических характеристик мелкозернистого бетона от объемного содержания шлакового микронаполнителя

Помол: Ц:П $S_{уд}=455$ $\text{м}^2/\text{кг}$	Состав мелкозернистого бетона, $\text{кг/м}^3$					Физико-механические характеристики		
	Ц	$M_3$	Микро- наполнитель	Вода	В/Ц	Средняя плотность, $\text{кг/м}^3$	Прочность, МПа	
							При изгибе	При сжатии
1:0,0	300	1640	0	90	0,30	1960	2,55	8,5
1:0,3	230	1652	70	98,9	0,48	2010	2,43	14,3
1:0,5	200	1720	100	90	0,45	2070	2,77	16,3
1:1,0	150	1725	150	79,5	0,53	2060	3,10	10,0
1:1,5	120	1750	180	75,6	0,63	2080	2,40	6,0
1:2,0	100	1749	200	78,0	0,78	2074	2,30	5,5
1:3,0	75	1693	225	80,3	1,07	2012	2,01	5,0

Для проведения таких исследований был принят начальный состав мелкозернистого бетона, равный Ц:П:В=1:3:0,73 (Ц- цемент, П - песок, В - вода), в котором изменялось только соотношение цемента и микронаполнителя (МН) при сохранении общего весового состава вяжущего. Для сохранения подвижности (жесткость определялась по техническому вискозиметру) изменялся параметр воды затворения, в связи с чем изменялись водоцементное, водовязущее и водотвердое отношения.

Для определения прочностных свойств бетона опытные образцы готовились из общего объема смеси. Виброуплотнение цементно-песчаной смеси осуществлялось на лабораторной виброплощадке, твердение - в пропарочной камере при температуре 90 ... 95°C по режиму 3-5-3 часа (подъем температуры, выдержка, остывание). Затем опытные образцы в течение одних суток выдерживались во влажных условиях и испытывались на определение плотности.

Наибольшее повышение прочностных свойств при идентичных условиях формирования смеси мелкозернистых бетонов просматривается при таком соотношении цемента и микронаполнителя в комплексном вяжущем, как Ц:МН= от 0,2 до 0,6.

Увеличение прочностных свойств таких бетонов, видимо, связано со структурным построением дискретного заполнителя в системе цементное зерно-заполнитель-вода.

В структуре бетона без наполнителя образуется паровое пространство с пора́ми различных размеров от гелевых 10...30 А до микропор 0,25...300 мкм, а с наполнением цементного теста кварцевыми микрочастицами объем макропор снижается и доходит до 10...15% от первоначального их объема.

В создании структурной плотности и прочности цементного бетона рассматриваются два технологических этапа. К первому этапу относят стремление к самопроизвольному объединению частиц дисперсной системы в структурные блоки за счет снижения избыточной энергии системы (цементное зерно-наполнитель-вода). Ко второму этапу – внешнее механическое воздействие на цементно-песчаную смесь.

Цементный гель- система, состоящая из блочных структур и имеющая три фазы: твердую- тонкодисперсные частицы цементного зерна и кварцевого наполнителя; жидкую – воду; газообразную – воздух. Две последние фазы сосредоточены в основном между блочными образованиями и частично между сферами блочных частиц [4].

Структура бетона имеет высокую среднюю плотность, приближающую к плотности тяжелого цементного бетона, за счет высокого наполнения матричной системы дисперсными частицами.

Формирование высокой структурной плотности мелкозернистого бетона связано не только с упорядоченным расположением жесткого каркаса из зерен заполнителя, но и максимальным заполнением объема пустот межзернового пространства наполненным цементным вяжущим из тонкодисперсных частиц.

Таким образом мелкозернистые композиционные строительные материалы, с точки зрения физикохимии, являются высококонцентрированными системами, подчиняющимися общим законам структурообразования.

Для достижения высокой структурной прочности всей дисперсной системы бетона необходимо обеспечить ей седиментационную устойчивость на уровне микро- и макрооднородности, которая находится в прямой зависимости от роста объемного заполнения межзернового пространства грубодисперсной среды мелкозернистого бетона.

### Список литературы

1. Ребиндер П.А. Физико-химическая механика - новая пограничная область науки. Москва: Знание, 1958, 110 с.
2. Калашников В.И. Основы пластифицирования минеральных дисперсных систем для производства строительных материалов: автореф. науч. доклада ... д-ра техн.наук. Воронеж: Воронежская государственная архитектурно-строительная академия, 1996, 80с.
3. Кучма М.И. Поверхностно-активные вещества в дорожном строительстве. Москва: Транспорт, 1980, 191 с.
4. В.И. Соломатов, В.В. Бредихин О силах взаимодействия в дисперсной цементной системе. // Изв. Вузов. Стр-во и архитектура, 1996, №3, С. 49-52.

### **Түйін**

Майда түйіршікті бетон құрылымының қалыптасу негізі майда дисперсті бөлшектердің фаза аралық беттің оптималды байланыс көрсеткіштері сыртқы атмосфералық факторлардың әсерінен жоғары молекулалы қосындылардың құрылымдық қасиеттеріне, екі фазалық жүйенің адгезиялық байланыстарына кері әсері болуы мүмкін.

Беріктік қасиетінің өсуіне бетонның құрылымындағы ұнтақталған толықтырушы материалдар бетон құрылымындағы және цемент тасындағы кеуектерді азайтып, бетон беріктігін жоғарылатып, ұзақ мерзімге төзімділігін арттырады.

Физико-химиялық тұрғыдан қарағанда композитті негіздегі құрылыс материалдары жоғары концентратты системаға жатып, жалпы құрылымдық қалыптасу заңдылығына жатады.

### **Abstract**

The basis of the formation of the small granular concrete structure is the optimum connection of the phase-to-minute particle surface contamination to the structural properties of high molecular compounds due to the external atmospheric factors, the adhesive bond of the two-phase system.

Growing properties of the concrete in the concrete structure to increase the strength properties reduce the porosity of the concrete structure and cement, increase the strength of the concrete and increase durability.

From physico-chemically constructed materials on a composite basis to a highly concentrated system, the general structural formation refers to the law.

ӘОЖ 661.321.32

### **А.А. Анарбаев, Б.Н. Кабылбекова, Ж.А. Анарбаев, Д.Р. Махамидали**

т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

т.ғ.д., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

аға ғылыми қызметкер, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

## **ТАБИҒИ НАТРИЙ СУЛЬФАТЫН ҚАҚТАЛҒАН СОДАНЫ ӨНДЕП АЛУ ЖОЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ**

### **Түйін**

Қақталған соданы өндірісте төрт түрлі әдіспен өндірілетіндігі анықталды: аммиакты әдіс-натрий хлоридінен, табиғи трондарды өңдеу, нефелиндерді өңдеу және күйдіргіш натрийді көмір қышқылды газымен өңдеу. Бұл әдістән ішінде аммиакты әдіспен қақталған соданы алу негізгі әдіс болып саналады және оны табиғи натрий хлоридінен өңдеп алу меншікті салмағы қолданыста 65 – 70% құрайды. Қазақстандағы табиғи натрий сульфатының қоры анықталып оның құрамы зерттелді.

Тәжірибелік зерттеу нәтижесінде натрий сульфатынан көміртекті шикізаттарды қосу арқылы балқытып қақталған соданы алу жолдары зерттелді және тиімді көрсеткіштері температура 1000<sup>0</sup>С, уақыт 45 минут, өту дәрежесі 98,9% құрайтындығы және соданы алуға болатындығы анықталды. Натрий сульфатын кальций карбонатын және көміртегімен араластырып берілген температура мен уақыт аралығында балқытады. Көмірдің шығыны барлық тәжірибеде 104% құрады.

**Кілттік сөздер:** қақталған сода, натрий хлориді, натрий сульфаты, кальций карбонаты

### **Кіріспе**

Дүние жүзінде қақталған сода өндірісі қарқынды дамыған және негізінен төрт әдіспен соданы өндіріледі: аммиакты әдіс (натрий хлоридінен), табиғи трондарды өңдеу, нефелиндерді өңдеу және күйдіргіш натрийді көмір қышқылды газымен өңдеу[1,2].

Жоғарыда айтылған аммиакты әдіспен алу негізгі әдіс болып қалуда, және оның меншікті салмағы қолданыста 65-70%. Бұл әдіс мөлдірлендірілген натрий хлориді ерітіндісін аммиактаумен және карбонаттаумен жүргізіледі. Тұнбаға түскен гидрокарбонат натрийді сүзіп және қақтайды. Осыдан дайын сода өнімі алынады және көмір қышқыл газын бірінші сатыға қолданады. Газды аммиакты ары қарай процесстің басына қолданады, ал кальций хлориді ерітіндісін тастанды есебінде ақ теңізге ағызады.

#### **Теориялық талдау.**

Берілген әдістің тиімді жақтары:

- арзан шикізаттар қолданылады – ас тұзы, кальций карбонаты;
- технологиялық процесстің тұрақтылығы, алынатын өнімнің сапасы айтарлықтай жоғары;
- алынатын соданың өзіндік құны салыстырмалы төмен.

Бірақта бұл әдіс те кейбір кемшіліктерімен сипатталады: натрийдің қолданылуы 2/3, ал хлор және кальцийді іс жүзінде қоданбайды. Осыдан барып 1 тонна сода алғанда шығарылатын  $10\text{ м}^3$  ағын сулары, ал ағынның құрамы: 10-14%  $\text{CaCl}_2$ , 5-7%  $\text{NaCl}$  және т.б. зиянды қоспалардан тұрады, және де залалсыздандыруды қажет етеді; энергияның шығыны айтарлықтай (әк тасын күйдіруге кеткен); капиталдың көп шығыны (қондырғылардың ірілігі):

- карбонаттау мұнараның диаметрі 3м, ал биіктігі 27м;
- дистиллердің конденсаторының диаметрі 3м, биіктігі 12м;
- дистиллердің жылу алмастырғыштарының диаметрі 3м, биіктігі 16м;
- дистиллер диаметрі 3м, биіктігі 21,7м.

Бар технологияның ішінде қалдықтарды жою қарастырылғанымен, бірақта қалдықсыз және аз қалдықты әдіс ашылғанымен ол әдістер әзірге дейін қолайлы емес. АҚШ-та соданы табиғи трондар даналады ( $\text{Na}_2\text{CO}_3$ ,  $\text{NaHCO}_3 \cdot \text{H}_2\text{O}$ )[3].

Белгілі әдістің ішінен сесквикарбонатты және монокарбонатты тронды өндеуден қақталған сода алады. Сесквикарбонатты әдістің табиғи трондарды ерітеді, алынған ерітіндіні мөлдірлендіріп, сүзеді, буландырады және салқындатады. Буландырылғаннан сесквикарбонат натрийдің кристалдары алынады. Сүзіндіні  $200^\circ\text{C}$ –де қақтайды [4-7]. Берілген технология бойынша ауыр сода алынады, оның шашыранды салмағы  $1070\text{ кг/м}^3$ . Бірақта осы жоғарыда айтылған құрамында содасы бар табиғи шикізаттардан соданы алу экономды болғанымен, аммиакты әдіске қарағанда бұл әдістің болашағы жоқ. Өйткені Қазақстанда соданың табиғи қорының іс жүзінде жоқтығы.

Нефилиндерден алынатын қақталған соданы алюминатты ерітінділерді сілтілеп натрий алюминатын алғаннан кейін қосалқы өнім ретінде алынады, осы себептен оның алынған мөлшері ескерілмейді.

Онтүстік Қазақстан және Қазақстан Республикасының басқада аймақтарында нефилиннен алынатын содаға шикізат аз болғандықтан, ол аймақта өндіріс тиімсіз. Қақталған соданы күйдіргіш натрийді карбонаттап бикарбонатты алып, оны қақтайды немесе натрий карбонатының ерітіндісін алып буландырудан алады. Осында соданың бастапқы  $1070\text{ кг/м}^3$  -ты тығыздығы алынады.

Француз фармацевті Леблан соданы натрий сульфатының майдаланған бор немесе әктас мен көмірдің реакциясына сәйкес қоспаларды қыздыру арқылы алуды ұсынды [8]. Алынған балқымалардағы соданы сумен сілтілейміз және ерітіндіні буландырамыз,  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  қатты жүйеде бөлініп алынады. Өндіріс қалдығы ретінде саналатын  $\text{CaS}$  шламда тұндырылады.

Леблан әдісі химиялық өнеркәсіпте шикізат базасының дамуына үлкен үлесін қосты. Сода өндіретін зауыттардың айналасына басқа да өнімдердің өндірісі шоғырлана бастады. Натрий сульфатын алу әдісін өңдеу өзінің артынан күкірт қышқылының өндірісінің дамуына әсер етті, олардың артынан азот өндірісі жанданды, бірақ азот қышқылының көмегімен күкірт қышқылын алу нитрозды әдіспен ғана жүзеге асты. Сода өндірісінің қалдығы тұз

қышқылы хлорға және хлор өнімдер белілді әктасқа және бертолетті тұздарға өңделді. СаS қалдыған элементарлы күкіртті алды. Хлорлы сутектің қоршаған ортаға әсерін тоқтатпау үшін және құрылғылар мен аппараттардың коррозияға ұшырауын болдырмау үшін тұз қышқылы хлорға және үлкен сұранысқа ие құрамында хлоры бар өнімдерге өңдеу әдістері жүзеге асырылды. Леблан әдісі бойынша жұмыс істейтін зауыттар хлорлы өнімдерді жеткізіп беруші бірден бір зауыт еді, сондықтан олардың өнімдеріне аса қымбат баға қойылды. Бұл Леблан әдісі бойынша алынған соданың құнын төмендетті [9].

Қазақстан Республикасының аймақтарында сода алуға қажетті натрий құрамды шикізаттардың қоры өте мол және оларға натрий сульфаты, натрий хлориды, кальций карбонатты шикізаттар жатады. Біз білетіндей қақталған содан бірнеше сатыда жеке реакциялардың жүруімен түзіледі.

**Тәжірибе жүргізу.**

Зерттеу жұмыстарында 298-348К температура аралығында термодинамикалық мәндер кальций, натрий, және аммиак хлориді, кальций сульфаты, кальций гидроксиді, натрий гидрокорбанаты, және аммиакпен көмірқышқыл газдың термодинамикалық этропия, этальпия және жылусыйымдылық мәндерін қолдана отырып жүретін реакцияның Гиббс энергиясы есептелді.

Гиббс энергиясының ( $\Delta G_T^0$ ) температураға T(K) байланысты өзгеруінің тәуелділігі 1 кестеде көрсетілген.

**Кесте 1- Гиббс ( $\Delta G_T^0$ ) энергиясының температураға байланысты өзгеруі**

№	Реакции	Температура, К	( $\Delta G_T^0$ ), Дж/мол
1	$Na_2SO_4 + 2C = Na_2S + 2CO_2$	298	-48407,63
		473	-49203,9
		673	-50000,2
		873	-50796,8
		1273	-51599,2
		1473	-72316,8
2	$Na_2S + CO_2 + H_2O = Na_2CO_3 + H_2S$	298	-8113,9
		473	-8248,3
		673	-8381,6
		873	-8517,9
		1273	-8651,2
		1473	-8702,1
3	$Na_2SO_4 + CaCO_3 + 2C = Na_2CO_3 + CaS + 2CO_2$	298	-23422,9
		473	-24784,6
		673	-25202,3
		873	-25620,0
		1273	-26037,7
		1473	-26759,4

Осы әрекеттесу реакцияларының жүру мүмкіндігін Гиббс энергиясының мәндерінің өзгеруінен көруге болады.

Кесте 1 көрсетілгендей  $\Delta G_T^0$  мәндері 1 реакция бойынша 298-1473К температур аралығындағы теріс мәндер, яғни реакцияның жүру мүмкіндігі келесі қосылыстардың  $Na_2S$  және  $CO_2$  түзілуімен жүреді.

Натрий сульфидін көміртектендіргенде 2- реакция бойынша  $\Delta G_T^0$  теріс мәнге ие және реакцияның  $NaHCO_3$  түзілу арқылы жүру мүмкіндігін көрсетеді. Ал натрий

гидрокарбонатын 313К және 328К температурада қалцинация жасау  $\Delta G_T^0$  теріс мәндері натрий карбонатының түзілу мүмкіндігін көрсетеді.

Зерттеуге табиғи натрий сульфаты 92,6%  $Na_2SO_4$  қолданылды. Алдын ала натрий сульфаты температура 40-60<sup>0</sup>С кептіріледі. Кепкен натрий сульфатын майдалап ыдыстарға жинайды. Натрий сульфатының алғалдылығы 1% артпау қажет.

Натрий сульфатын зертханалық қондырғыда өңдеу үшін кальций карбонаты және көмір қолданылды. Көмірдің құрамында көміртегі 85-99,5% құрайды.

Зертханада натрий сульфаты мен көміртекқұрамды заттарды балқыту процессі температура 800, 900, 1000,1100<sup>0</sup>С, ал балқыту процессін уақыт 30,45, 60 минутта жүргізілді. Натрий сульфатын кальций карбонатын және көміртегімен араластырып берілген температура мен уақыт аралығында балқытады. Көмірдің шығыны барлық тәжірибеде 104% құрады.

Натрий карбонаты және кальций сульфиді балқыма түрінде алынады. Алынған балқыманың құрамында  $Na_2CO_3$ ,  $Na_2SO_4$ , CaO,  $CO_2^{3-}$  және басқа қоспалар кездеседі.

#### Тәжірибе нәтижесі және талдау.



Тәжірибе нәтижесі келесі 2 кестеде көрсетілген. 2 кесте көрсетілгендей натрий сульфатының тотықсыздану дәрежесі температура 1000<sup>0</sup>С және уақыт 30- 60 минутта 74,6-98,6% құрады. Температура 1000<sup>0</sup>С жоғарылағанда натрий сульфатының тотықсыздану дәрежесі өзгермейді.

Алынған натрий карбонатының балқымасын суда ерітіп шаймалауды 20-30<sup>0</sup>С жүргізеді және шоғыры 27-30%  $Na_2CO_3$  ерітіндісі алынады. Бұл қомалжың ерітіндінің құрамына балқыманың құрамындағы балласты тұздар ( $Na_2S_2O_3$ ,  $Na_2SO_4$ ) және тұнба (CaS,  $SiO_2$  т.б.) болады. Ерітіндіні температура 25-30<sup>0</sup>С сүзіп тұнбаны бөліп алады. Ерітіндіні 110-120<sup>0</sup>С кептіріп құрғақ натрий карбонаты алынады. Ал тұнбадағы CaS кептіріп цемент цемент немесе басқа өндірістерге жібереді.

Кесте 2 –Температура және уақытқа байланысты натрий сульфатының тотықсыздану дәрежесіне әсері

№	Температура, <sup>0</sup> С	Уақыт, мин	$Na_2SO_4$ (98, 6%) шығыны, г	$CaCO_3$ (96,9%) шығыны, г	Кокстың (85,0%) шығыны г	$Na_2CO_3$ шығымы, г	Тотықсыз дану дәрежесі, %
1	800	45	10,14	7,18	1,86	1,94	36,2
2	800	60	10,14	7,18	1,86	2,16	31,3
3	900	30	10,14	7,18	1,86	3,94	74,6
4	900	45	10,14	7,18	1,86	4,12	78,2
5	900	60	10,14	7,18	1,86	4,40	80,1
6	1000	30	10,14	7,18	1,86	5,01	89,9
7	1000	45	10,14	7,18	1,86	5,26	97,9
8	1000	60	10,14	7,18	1,86	5,42	98,6
9	1100	60	10,14	7,18	1,86	5,41	98,1
10	1100	60	10,14	7,18	1,86	5,32	97,9

Элемент	Салмақ, %	Қосылыс	Масса, %
O	20.35	-	-
C	6,49	-	-
Na	24.63	Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	56.91
Ca	21.35	CaS	38.67
S	18.76	-	-
Fe	1.08	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	1,56
Al	1.01	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	1,42
Si	0.67	SiO <sub>2</sub>	0,82



Сурет 1 - Натрий карбонатының (балқыма) энергия дисперсиялы талдауы

Зертханада балқыманы шаймалауды температура 25, 40<sup>0</sup>С, уақыт 20-60 мин. аралығында жүргізіледі. Қатты затпен сұйықтықтың қатынасы Қ:С=1:3. Зерттеу нәтижелері 3 кестеде берілген.

Кесте 3 көрсетілгендей температура 25<sup>0</sup>С, уақыт 20, 40, 60 минутта балқыманы сумен шаймалағанда соданың ерітіндіге өту дәрежесі 84,4-96,1 % құрайды, температура жоғарылағанда 40<sup>0</sup>С 89,6-98,8% құрайды. Ал тұнбаға кальций сульфиді өтеді және ол кептіруге жіберіледі.

Кесте 3 –Уақыт және температураның соданы шаймалау дәрежесіне әсері

№	Уақыт, мин	Ерітінді құрамы			Соданың ерітіндіге өту дәрежесі, %
		Na, %	CO <sub>2</sub> , %	Na <sub>2</sub> SO <sub>3</sub> %	
1. Температура 25 <sup>0</sup> С, Қ:С=1:3					
1	20	3,99	1,22	0,18	84,4
2	40	1,96	1,86	0,17	91,0
3	60	0,22	4,08	0,18	96,1
2. Температура 40 <sup>0</sup> С, Қ:С=1:3					
1	20	4,15	1,20	0,19	89,6
2	40	2,10	2,56	0,17	96,2
3	60	0,18	4,86	0,16	98,8

Сода ерітіндісін буландырып кептіру нәтижесінде құрғақ сода алынады. Құрғақ соданының құрамы 4-ші кестеде көрсетілгін.



Кесте 4 -Кептірілген тұнбаның құрамы

Т, °С	Құрғақ соданың құрамы, %		
	Na	CO <sub>2</sub>	Na <sub>2</sub> SO <sub>3</sub>
25	49,6	28,2	0,050
40	27,1	51,2	0,010
60	26,2	53,1	0,011


Кесте 5 көрсетілгендей қақталған соданың құрамы негізінен Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub> тұрады. Қақталған сода расторлы электронды INCA Energy-350 және HKL Basic микроскопта талдау жүргізілді.

Кесте 5 – Алынған қақталған соданың құрамы

Аттары	Құрамы, %			
	Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub>	Na <sub>2</sub> SO <sub>4</sub>	Na <sub>2</sub> S	к.ж.к, %
Қақталған сода	99,6	0,30		0,10

Қақталған соданың энергия дисперсиялы талдауы келесі 2 суретте көрсетілген.

Элемент	Весовой %
C	13.72
O	43.85
Na	42.27
Cl	0.01




Сурет 2 - Қақталған соданың элементті талдау нәтижелері

Зерттеу нәтижесі бойынша өнімнің құрамында натрий және көміртегінің бар екендігі және хлордың мөлшері 0,01% тұратындығы анықталды .

Алынған өнім ИК-спектроскопия әдістерімен зерттеледі. Зерттеу нәтижелері 3 суретте көрсетілген.


РФА әдісімен талдау нәтижелері тұнбадағы Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub> дифракциялы максимумы 1,95; 2,36; 2,54; 2,61; 2,76, 3,82Å сәйкестігін және өнімде натрий карбонатының бар екендігін дәлелдеді.



Сурет 3– Сода тұнбасының ИК-спектрі

ИК-Фурье спектрометр ShimadzuIRPrestige-21 (сурет 3) толқын ұзындығының спектр сіңіру интенсивтілігі 720, 830, 1390, 1485, 1650, 2950  $\text{cm}^{-1}$  сәйкес  $\text{Na-CO}_3$  байланысына қатысты екенін дәлелдеді.

Элемент	Салмақ, %	Қосылыс
O	8.53	-
S	41,34	-
Ca	50,12.83	CaS



Сурет 4 - Балқыманы шаймалап алған тұнбаның (CaS) энергиядисепрсиялы талдауы

Сүзіп алынған тұнбаның құрамы 4-ші суретте көрсетілген. Онда тұнба негізінен кальций сульфидінен тұрады.Талдау нәтижелері алынған өнімнің сапасы МЕСТ 5200-85 талаптарына сәйкес, ал қақталған сода жеңіл түріндегі содаға жататындығын көрсетті.

**Қорытынды**

Іс тәжірибелік зерттеулер зертханалық қондырғыларды жүргізілді.Бастпақы шикізаттарды балқыту 800-1100<sup>0</sup>С уақыт 30-60 минут арлығында жүргізілді.

Тәжірибе нәтижесінде натрий сульфатының тотықсыздану дәрежесі температура 1000<sup>0</sup>С және уақыт 30-60 минутта 74,6-98,6% құрады. Температура 1000<sup>0</sup>С жоғарылағанда натрий сульфатының тотықсыздану дәрежесі өзгермейтіндігі анықталды.

Алынған натрий карбонатының балқымасын суда ерітіп шаймалауды 20-30<sup>0</sup>С жүргізеді және шоғыры 27-30% Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub> ерітіндісі алынады.

Ерітіндіні температура 25-30<sup>0</sup>С сүзіп тұнбаны бөліп, алынған ерітінді 110-120<sup>0</sup>С кептіріліп құрғақ натрий карбонаты алынды.

Өңдеп алынған балқыма, сода және шаймалаудан алынған тұнба (CaS) расторлы электронды жабдықта зерттеліп құрамындағы заттардың мөлшері анықталды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Крашенинников С.А. Технология соды, М. Химия, 1988, 304 с.
2. Зайцев И.Д., Ткач Г.А., Стоев Н.Д. Производство соды// М.: Химия, переизд. 2003, С.309-311.
3. Получение гидрокарбоната натрия. Патент США № 3780160. 1973.
4. Получение карбоната натрия из неочищенной природной троны. Патент США № 3028215. 1962.
5. Clagelt Robert F. Soda ash on He move «Class», 1981, V. 58, №11, P. 399-404.
6. Получение соды из троны. Патент США № 3245755. 1966.
7. Получение кальцинированной соды. Патент США № 3084026. 1963.
8. Белик А.Я., Заир-Бек И. Обзорная информация. Сер. Содовая промышленность, М. НИИТЭХИМ, 1980, С.31-34.
9. Медведев И.И. Разработка технологии получения минеральной добавки на основе побочных карбонатных отходов содового производства// Харьков, ПО «Химпром», 1979.С.35-39.

### Аннотация

Производство соды в мире базируется на четырех основных способах ее получения: аммиачный (из хлорида натрия), из природной соды, из нефелинов и карбонизацией гидроксида натрия. Аммиачный способ (Сольве) получения соды продолжает оставаться основным методом, и удельный вес его составляет от 65 до 70%. Определены запасы природного сульфата натрия и исследован химический состав сырья.

В процессе проведения исследования получения кальцинированной соды из природного сульфата натрия с использованием углеродсодержащего материала методом плавления определены основные параметры температура 1000<sup>0</sup>С, время 45 минут, степень перехода 98,9% и показано возможность получения соды. Сульфат натрия и карбонат кальция, смешивая вместе с углеродом, сплавляют в интервале данных температур и времени. Расход кокса во всех экспериментах составил 104%.

### Abstract

Soda production in the world is based on four main methods of its production: ammonia (from sodium chloride), natural soda, nepheline and sodium hydroxide carbonization. Ammonia method (Solvay) of soda continues to be the main method, and its share is from 65 to 70%. The reserves of natural sodium sulfate were determined and the chemical composition of raw materials was investigated.

In the process of conducting a study of the production of soda ash from natural sodium sulfate using a carbonaceous material by melting, the main parameters of the temperature of 1000<sup>0</sup>С, the time of 45 minutes, the degree of transition of 98.9% and the possibility of obtaining soda are determined. Sodium sulfate and calcium carbonate, mixing together with carbon, fused in the range of these temperatures and times. Coke consumption in all experiments was 104%.

ӘОЖ661.321.32

**А.А. Анарбаев, Б.Н. Кабылбекова, Н.А. Анарбаев, С.М. Мадиеков**

т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

т.ғ.д., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

## **ДИСТИЛГИПСТЕН АММОНИЙ СУЛЬФАТЫН ӨНДЕП АЛУ ПРОЦЕССИН ЗЕРТТЕУ**

### **Түйін**

Қақталған сода өндірісінің қалдығы дистиллер шламын және одан алынған дистилгипске сипаттама беріліп олардың құрамы зерттелді. Сода өндірісінің қатты қалдығының құрамы мынадай:  $\text{CaCO}_3$ ,  $\text{Ca}(\text{OH})_2$ ,  $\text{CaCl}_2$ ,  $\text{NaCl}$ ,  $\text{CaSO}_4$ .

Кальций сульфатымен аммоний карбонатының әрекеттесу реакциясына термодинамикалық зерттеулер жүргізілді. Температура 298-1373К аралығында реакцияның Гиббс энергиясы есептеліп кальций карбонаты мен аммоний сульфатының түзілу мүмкіндігі анықталды.

Зерттеу барысында дистилгипстен аммоний сульфаты және кальций карбонатын алу процессінің тиімді көрсеткіштері: бастапқы шикізатта стехиометриялық шығыны ( $\text{NH}_3$ ,  $\text{CO}_2$ ) 100%, процесстің жүру уақыты 30-45 минут, процесстің жүру температурасы 70-80 $^{\circ}\text{C}$  анықталды. Бұл жағдайда кальций сульфатының карбонатқа өту дәрежесі 99,7% құрайды.

Құрғақ өнімде 99,61%  $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$  және тұнбада 99,98%  $\text{CaCO}_3$  мөлшері анықталды.

Өнімдегі  $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$  және тұнбадағы  $\text{CaCO}_3$  мөлшері РФА және РЭМ әдістерімен зерттеліп дәлелденді.

**Кілттік сөздер:** қақталған сода, дистилгипс, жартыгидратты кальций сульфаты, аммоний сульфаты

### **Кіріспе**

Қазіргі уақытта соданы шығарудан Ресейде 40 млн тонна кальций және карбонат құрамды қатты қалдықтар жиналған. Жыл сайын олардың мөлшері 1,0 -1,5млн тоннаға ұлғаюда. Сода өндірісінен тағы да үлкен мөлшерде қиын залалсыздандырылатын сұйық қалдықтары  $\text{CaCl}_2$ ,  $\text{NaCl}$  тұздарының ерітінділері 2/1қатынас түрінде шығарылады (дистиллерлік сұйық). Осындай қалдықтар Стерлитамак сода АҚ өндірісінде жылына 17 млн  $\text{м}^3$  түзіледі. Қалдықтардың әсерінен осы аймақтардағы қоршаған ортаны ластауда. Айталық Стерлитамак қаласын, Кама, Волга өзендерін және Каспий теңізін ластауда [1]. Осындай проблемамен барлық сода өндірістері кездесуде. Қазақстанда аммиакты әдіспен қақталған сода өндіретін өндірістің құрылысы ұсынылуда, осының өзі экологиялық проблемаға әкелуі мүмкін. Сондықтан аз қалдықты тұйықталған технологиялық процесстерде хлорлы қалдықтарды өңдеу де - әлеуметтік экономикалық проблема. Сода өндірісінде сүзілген сұйықтан аммиакты регенирациялауды авторлар өздерінің жұмыстарында сүзіндіге кальций сүтін қоспай тұрып алдымен қыздыруды ұсынған, тағы бір бөлігін барлық ағындағы сүзгіде әрекеттеспей қалған кальцийдің барлығы есебінен қосады. Берілген әдісте әктің белсенділігі аз болғандықтан әктің белсенділігін жоғарылатуда және реагент есебіндегі белсенді әктің шығынын азайту, құрамында әрекеттеспей қалған кальций оксидін шлам есебінде дистилляциялау сатысына және одан барып оны сүзілген сұйыққа аммиакты 1-10кг/ $\text{м}^3$  тең қылып үрлейді [2].

### **Теориялық талдау.**

Сода өндірісінің сүзгілік сұйығын дистилляциялауды қыздырумен жүргізеді, аммоний хлоридін әкпен өңдеу, бөлінген дистиллерлік колонналардағы бу, газ және екіншілей буды

қолдану (дистиллерлік сұйықтан өздігінен бөлінген) дистиллерлік колонналарда жылу тасымалдағыш ретінде; процесстің өнімділігін жоғарылатуда екіншілей бу 2,0-2,5 кПа-ға дейін реттейді және дистиллердің төменгі бөлігіне беріледі. Сода өндірісінің дистиллерлік сұйығын өңдеу әдісі белгілі, мұнда сұйықты сүзеді, әктің сүтімен өңдейді. Алынған дистиллерлік суспензия сұйығын көмір қышқылдайды. Қалған дистиллерлік суспензиядан кәдімгі әдіспен қатты фазаны бөледі, бұлардың құрамы негізінен оксид және гидроксид магнийден тұрады. Соңында шаймалап, 673-973К-де карбонатты шламмен химиялық өңдейді. Бірінші колонна дан алынған сұйық (дистиллерлік) көміртектендірілген болады, оның қатынастары 2÷5:1 [2].

Алынған қатты қоспаны магний хлоридінің ерітіндісімен өңдейді (түнбаға натрий хлориді түскенше). Магний хлориді негізгі ерітіндінің дистиллерлік бөлігін көміртектендіргеннен алынған (шламды бөлгеннен кейін түзілген) [3].

Гипстің инкрустация түзу жылдамдығын төмендетуде аммиак және карбонат ионы бар сұйықты ыстық ерітіндінің ағынына түсіреді, ерітінді құрамы аммонийдің хлориді және сульфатынан тұрады. Кейіннен әк немесе әк сүтімен араластырады. Осыдан барып гипстің дистиллерде инкрустация түзу жылдамдығы 10-15есе төмендейді. Танымал әдіске қарағанда, ал өнімділігі 10 % - ке жоғарылайды [4].

Қазіргі уақытта қатты және сұйық қалдықтарды үлкен көлемдігі өндірістерге іс қажетіне жаратуды таба алмауда.

Сода өндірістерінің көп тоннажды қатты және сұйық қалдықтарын залалсыздандырудың негізгі бір жолы құрылыс материалдарын өндіру саласы.

Осыдан байқалғаны, сода өндірістерінің қатты қалдықтары іс жүзінде екіншілей материалдық ресурстар ретінде қолданылмайды. Сода өндірісінен шығатын сұйық қалдық – дистиллерлік суспензия көлемі 9 – 10м<sup>3</sup>/т сода, шламды жинаққа тасталады. Осы тастандыларды сақтаған кезде жинақтың түбінен және дуалдарынан сұйықтың филтрленуі жүреді, осының әсерінен жақын жерлердегі жердің және жер асты суларының тұздануы жүруде. Үлкен көлемді қалдықтардың түзілуі, жұмыс істеп жатқан өндірістің жұмысына кедергі жасайды, кедергі себептері шлам тастайтын жинақтар салу және осыларға кететін қаржы [5].

Сода өндірісінің қатты қалдығының құрамы мынадай: CaCO<sub>3</sub>, Ca(OH)<sub>2</sub>, CaCl<sub>2</sub>, NaCl, CaSO<sub>4</sub>. Тастандының жалпы көлемінің 70-80% - ның бөлшектерінің өлшемі 0,1-0,6мм. Мұндай қалдықтарды авторлар ұсынысында силикатты кірпіш алуда, доменнің шлагына қосып байланыстырғыш компонентті алуда, цементті алуда, жол бетонының қоспаларын алуда қосуға болады делінген.

